

Астана-Отанымның жүрегі

Астананы көру менің арманым,

Арманыммен болашаққа самғармын.

Үміт оты жалындап жүрегімде,

Білімімді Елордада жалғармын.

Арман құсы жетелеп барған кезде,

Таңдай қағып таңдандым мен көркіңе.

Достарыммен жалықпастан аралап,

Түс көргендей әсер алдым өзіме.

Ақорда, Ханшатыр мен бәйтерегі,

Аспанменен таласа бой тіреді.

Көрік беріп көз тартар ғимараттар,

Жас қалаға өзгеше сән береді.

Бейбітшілік, жасампаздық мекені,

Қандай дүние балауыңа жетеді.

Еркін елдің айбынды Астанасы,

Мәңгілікке мақтан тұтам мен сені

Тәуелсіздік тірегі сен, Астана!

Еліміздің жүрегі сен, Астана!

Елбасының қолтаңбасы қойылған,

Болашақтың тұмары сен, Астана!

Үміт артқан болашағы ұлы елдің,

Арманы бар жас ұрпақтың бірі едім.

Елорданың мәртебесін арттырып,

Көркейтуге үлес қосу тілегім.